

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 7 хаттамасына №24 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 7 шешіммен бекітілген

«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының
Халықаралық факторингті сақтандыру қағидалары
(2026 жылғы 18 мамырдағы жағдай бойынша № 1 өзгерістер мен толықтырулармен)

Астана қ., 2024 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Халықаралық факторингті сақтандыру қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру және кепілдік департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы шешіміне сәйкес № 1 өзгерістер мен толықтырулар енгізілді	2026 жылғы «18» мамырдағы № 08

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Сақтандыру объектісі	5
3-тарау. Сақтандыру жағдайлары	5
4-тарау. Сақтандыру оқиғаларынан болдырмау және сақтандыруды шектеу	6
5-тарау. Кепілдіктер	8
6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	8
7-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	9
8-тарау. Сақтандыру сомасының мөлшерін айқындау тәртібі	10
9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы	10
10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	10
11-тарау. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	13
12-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының іс-әрекеті	13
13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	14
14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	14
15-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім	15
16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	16
17-тарау. Суброгация	17
18-тарау. Қосымша шарттар	17
19-тарау. Дауларды шешу тәртібі	17

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Халықаралық факторингті сақтандыру қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «Қазақстанның экспорттық - кредиттік агенттігі» АҚ Жарғысына (бұдан әрі-Сақтандырушы) сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың талаптары бойынша Сақтандырушы халықаралық факторингті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасасады.

3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыруды қорғау, оларға қатысты қолдау Сақтандырушының Жарғысына сай оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылатын жобалар бойынша қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің экспортын қаржыландыруды жүзеге асыратын ұйымға беріледі.

4. Осы Қағидалардың мақсаты-қаржы ұйымын Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген оқиғалардың басталу тәуекелдерінен сақтандырудың үлгі шарттарын айқындау.

5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Шартсыз франшиза - Сақтандыру шартында белгіленген, Сақтандыру төлемінен шегерілетін сома. Шартсыз франшиза Сақтандыру сомасына пайызбен не абсолюттік мөлшерде белгіленеді;

2) Мемлекеттік орган - Конституциямен, заңдармен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен мемлекет атынан мынадай

- жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерін айқындайтын актілер шығару;

- әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеу;

- мемлекет белгілеген жалпыға міндетті мінез-құлық қағидаларының сақталуын бақылауды мемлекеттік басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме.

3) Факторинг шарты - Фактордың ақшаны Экспорттаушының қарамағына беретін немесе беруге міндеттенетін, ал Экспорттаушы Факторға Келісімшарттан туындайтын Шетелдік контрагентке өзінің ақшалай талабын беретін немесе беруге міндеттенетін жазбаша келісім.

4) Шетелдік контрагент - сатып алушы, тапсырыс беруші, қарыз алушы ретінде әрекет ететін және қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің экспортына экспорттаушымен келісімшарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы;

5) Келісімшарт - экспорттаушы мен шетелдік контрагент арасындағы қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің экспортына арналған жазбаша келісім;

6) Кредиттік лимит - шетелдік контрагент үшін белгіленетін сақтандыру қорғанысымен жабылатын экспорттық кредиттің ең жоғары рұқсат етілетін мөлшерінің сомасы. Кредиттік лимит жаңартылатын негізде белгіленеді және Сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды;

7) Күту кезеңі - Сақтандыру жағдайы басталған деп есептелетін мерзім өткеннен кейін Сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі. Күту кезеңі Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алғаннан кейін келесі күні басталады;

8) Сақтанушы - Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан Фактор;

9) Сақтандыру мүддесі - бұл Сақтанушының тәуекелдердің алдын алудағы және Сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеудегі мүліктік мүдделері;

10) Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген талаптар мен мөлшерде Сақтанушыға Сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы Сақтандыру сыйлықақысы Кредиттік лимиттің жаңартылуына байланысты ұлғаюы мүмкін;

11) Сақтандыру сомасы - Сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру шарты қолданылуының барлық кезеңінде Сақтандыру жағдайы басталған кезде

Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Сақтандыру сомасы валютасының түрі Сақтандыру шартында айқындалады;

12) Сақтандыру төлемі - Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шарты жасалған күнге Шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, бірақ белгіленген Кредиттік лимит мөлшерінен аспайтын қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

13) Сақтандыру оқиғасы - нәтижесінде сақтанушының мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

14) Сақтандыру оқиғасы - басталған кезде Сақтандыру шарты Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

15) Шетелдік контрагенттің елі - заңнамасына сәйкес Шетелдік контрагент құрылған (тіркелген) шет мемлекет;

16) Транзит елі - қазақстандық тауарлар осы мемлекет органдарының кедендік бақылауымен өткізілетін шет мемлекет;

17) Залал - Сақтанушының Шетелдік контрагенттің жеткізілген тауар, орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет үшін ақы төлеу жөніндегі келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себебінен Факторинг шартын жасауды ескере отырып туындайтын шығыны. Залал анықтамасына Шетелдік контрагенттің Сақтанушы алдындағы: жіберіп алған пайданы; тұрақсыздық айыбын, айыппұлды, өсімпұлды; келісім-шартта және (немесе) факторинг шартында көзделген есептелген және мерзімі өткен сыйақыларды, комиссияларды және өзге де осыған ұқсас төлемдерді; моральдық залалды; келісімшарт және (немесе) факторинг шарты бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алу үшін өтініш жасауға байланысты, оның ішінде сот органдарына сот шығындарын; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өтеу (төлеу) бойынша туындаған берешектері кірмейді;

18) Фактор - ақшалай талапты беру арқылы өз клиентіне (экспорттаушыға) факторинг шарты бойынша қаржылық қызметтер кешенін көрсететін заңды тұлға (қаржы агенті);

19) Факторинг (ақшалай талапты беру арқылы қаржыландыру) - бұл факторинг шарты бойынша факторинг шарты бойынша ақшалай талапты беру орнына фактор өз клиентіне (экспорттаушыға) көрсететін қаржылық қызметтер кешені;

20) Экспорттаушы - қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

21) Экспорттық кредит - экспорттаушы шетелдік контрагентке Келісімшарт талаптарымен өзі берген тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді төлеу бойынша төлемді кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу түрінде берген кредит.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар, егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағиданың мәтіні бойынша жалғыз немесе көпше түрде, бас немесе кіші әріппен пайдалануға қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

2-тарау. Сақтандыру объектісі

6. Сақтандыру объектісі шетелдік контрагенттің келісімшарт бойынша жеткізілген тауар, орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет үшін ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді, атап айтқанда Экспорттаушының факторинг шарты бойынша сақтанушыға берген ақшалай талаптарды орындау жөніндегі міндеттемелерді бұзу нәтижесінде залалды өтеу міндетіне байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері болып табылады.

3-тарау. Сақтандыру жағдайлары

7. Осы Қағидалардың талаптары бойынша сақтандыру жағдайы Шетелдік

контрагенттің Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында санамаланған бір немесе бірнеше оқиғалардың басталуы нәтижесінде болған және Сақтанушыға залал келтіріп, Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамауы болып табылады.

8. Саяси сипаттағы Сақтандыру оқиғалары:

1) транзит елінің не қазақстандық тауарды жеткізу межелі елдің не Шетелдік контрагент елінің Экспорттаушыға меншік құқығымен тиесілі, экспроприациялау, тәркілеу, тауарға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге меншік құқықтарын шектеу жөніндегі іс-әрекеті, орындалған жұмыс нәтижесі;

2) Экспорттаушы келісімшарт бойынша тауарды жеткізу, жұмысты орындау, Қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді орындаған жағдайда, осы тауарды беруді, жұмысты орындауды, қызмет көрсетуді шектейтін немесе оған тыйым салатын қазақстандық тауарды, жұмысты, қызмет көрсетуді жеткізу межелі елдің мемлекеттік органының күтпеген әрекеті;

3) Сақтандырылған Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі соғыс, азаматтық толқу, жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;

4) еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлем аударымын жүзеге асыруды шектейтін немесе тыйым салатын Шетелдік контрагент елінің мемлекеттік органының күтпеген әрекеті.

9. Коммерциялық сипаттағы Сақтандыру оқиғалары:

1) Шетелдік контрагенттің банкроттығы;

2) Шетелдік контрагенттің Келісімшарт бойынша жеткізілген тауар, орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет үшін ақы төлеу бойынша ақшалай міндеттемелерін орындамауы.

10. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға төменде аталған барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталуы нәтижесіндегі Залалдың мөлшеріне қатысты болжамсыздық;

3) оқиға сөзсіз және объективті түрде Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде, бұл туралы оның тараптары немесе, кем дегенде, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, болуы тиіс деген қауіптің болмауы;

4) оқиғаның басталуында Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарлар бар;

5) оқиғаның басталуы Сақтанушының ерік білдіруімен және (немесе) ниетімен байланысты емес және пайда табу және (немесе) ұтысты (алыпсатарлық тәуекел) алу мақсатын көздемейді.

11. Сақтандыру шартында Сақтандыру жағдайларының тізбесі Қағидалардың өзге де сақтандыру жағдайлары көзделуі мүмкін 8 және 9-тармақтарына сәйкес көрсетіледі.

4-тарау. Сақтандыру оқиғаларынан болдырмау және сақтандыруды шектеу

12. Егер сақтандыру шартында өзгеше айтылмаса, сақтандыру қорғауымен мынадай сақтандыру жағдайларының туындауы салдарынан туындаған шығындар өтелмейді:

1) Сақтанушының Сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) заң актілерінде белгіленген тәртіппен Сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының іс-әрекеттері;

3) сақтанушы және (немесе) экспорттаушы келіскен және ол бойынша жауапты болатын шет мемлекеттің мемлекеттік органының іс-әрекеті;

4) шетелдік контрагент елінен сақтанушыға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталған күнге дейін немесе сақтандыру шартын ұзартудың немесе жаңартудың келесі

мерзімі басталған күнге дейін ақша қаражатын аударуға және айырбастауға шектеулердің болуы;

5) радиацияның және/немесе радиоактивті зақымданудың, ядролық қаруды пайдаланудың, уытты заттарды қолданудың немесе жылыстаудың тікелей немесе жанама әсері;

6) мынадай бес мемлекеттің: Қытай Халық Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Француз Республикасы арасындағы соғыс (соғыс қимылдары басталғанға дейін немесе одан кейін);

7) шет мемлекеттің мемлекеттік органының сақтанушыға және/немесе сақтандыру шартын жасасу күніне немесе оны ұзартудың кейінгі мерзімі немесе оны қайта жаңарту күніне орын алған экспорттаушыға қатысты іс-әрекеті;

8) Сақтанушының Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандырушыдан Шартты жасасу және іске асыру үшін кез келген елеулі фактілерді, мән-жайларды және (немесе) Сақтандыру объектісі туралы, оның ішінде оны мақсатты пайдалану, шетелдік контрагент, Сақтандыру тәуекелі, Сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы талаптарды жасыруы;

9) Сақтанушының Залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;

10) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;

11) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушының талап ету құқығын іске асыруы үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы;

12) Сақтанушының үшінші тұлғалардан тиісті Залалдың өтеуін толық мөлшерде алуы;

13) Сақтанушының Қағидалардың 5-тарауында көрсетілген қандай да бір кепілдіктерді сақтамауы;

14) коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғасы басталған кезде экспорттаушының немесе Сақтанушының шетелдік контрагентпен үлестес болуы.

15) осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген және Сақтандыру шартында көрсетілмеген оқиғаларға байланысты емес оқиғалар.

Қағидалардың 4-тарауы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес 12-1) тармақпен толықтырылды

12-1) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін, осы Қағидалардың 4-тарауында көрсетілген өзге де негіздерден басқа, сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және ол келтірген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі мүмкін.

13. Егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, Сақтандырушы Сақтанушыға моральдық залалды, сот шығындарын, тұрақсыздық айыптарын өтеу бойынша сақтандыру төлемін жүргізбейді.

14. Сақтандыру шартында Сақтандыру жағдайларынан өзге де ерекшеліктер және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

15. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан санкциялар, тыйымдар және өзге де шектеулер қойылғанға дейін жасалған қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді орындауды аяқтауға рұқсат алу жағдайларын қоспағанда, егер қандай да бір бөлігінде сақтандыру қорғанысы, сақтандыру төлемі сақтандырушы үшін не оның органы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің қарарларына не Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдарына немесе қаулыларына сәйкес сауда немесе экономикалық санкцияларға сәйкес санкциялар, тыйым салулар не шектеулер әкеп соғатын болса, сақтандырушы сақтандыру қорғанысын бермейді, сондай-ақ сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындамайды.

Қағидалардың 16-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

16. Сақтандырушы сақтандыру шартын сақтанушы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі нормативтік құжаттарда көзделген тәртіппен пайдаланады деген күдік болған жағдайда сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру төлемінен немесе сақтандыру сыйлықақысын қайтарудан бас тартуға құқылы Қоғамдар.

5-тарау. Кепілдіктер

17. Сақтанушы мыналар бойынша кепілдік береді және келіседі:

1) ол Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру жағдайына әкелуі мүмкін Сақтандыру шартын жасау күніне қандай да бір талаптарды, талаптарды немесе оқиғаларды білмейді және Сақтанушы ұсынған барлық ақпарат шынайы және дұрыс болып табылады және ешқандай маңызды ақпарат жасырылмаған;

2) Экспорттаушы және/немесе Сақтанушы мен Шетелдік контрагент арасындағы барлық шарттар Келісімшартты орындау кезінде сақталуы тиіс заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерге толық сәйкестікте жүзеге асырылды;

3) ол барлық жауапкершілікпен Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезінде және егер ол Сақтандыру шартын жасамаған жағдайда әрекет етеді және Залалды болдырмау, азайту және/немесе өтеу үшін барлық ықтимал шараларды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, қабылдайтын болады:

- Сақтандырушымен келісім бойынша Сақтандыру төлемін жүзеге асырғанға дейін және / немесе жүзеге асырғаннан кейін барлық мүмкін болатын арналар, оның ішінде қолжетімді болуы мүмкін дипломатиялық, заңдық, әкімшілік, бейресми арналар;

- валютаны айырбастау және ақша аудару жөніндегі шаралар;

- Сақтандырушының келісімінсіз кез келген шығынға немесе ықтимал шығынға қатысты қандай да бір ымыралық шарттар жасасуға жол бермеу;

- жазбалар мен құжаттарға, сондай-ақ куәларға қол жеткізуді қоса алғанда, Сақтандыру оқиғасын тергеуде барынша жәрдемдесуді қамтамасыз ету;

4) ол талап етілетін лицензияларды немесе рұқсаттарды алу үшін барлық шараларды қабылдады немесе қабылдайды және егер жоғарыда көрсетілген лицензияларды немесе рұқсаттарды алу міндетті болып табылса, Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде кез келген жаңа лицензиялық немесе рұқсат беру талаптарын сақтау үшін осындай лицензияларды немесе рұқсаттарды алу, ұзарту, жаңарту немесе түзету үшін барлық құжаттарды уақтылы қабылдайтын болады;

5) ол Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес әрекет етеді және әрекет етуді жалғастырады;

6) ол сақтандырушыны алдын ала хабардар етпей және Келісімшартта, Факторинг шартында, сондай-ақ Сақтандыру шартында елеулі өзгерістерге әкеп соғуы мүмкін кез келген іс-әрекеттерді қабылдамайды.

18. Сақтанушы құпиялылықты сақтауға кепілдік береді, яғни ол қандай да бір уақытта қандай да бір үшінші тарапқа, оның ішінде Экспорттаушы мен Шетелдік контрагентті қоса алғанда, Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Сақтандыру шартының болу фактісін ашпайтынына кепілдік береді.

19. Сақтандыру шартында қосымша кепілдіктер мен айрықша талаптар көзделуі мүмкін.

6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

20. Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтанушының өтініші және оған қоса

берілетін құжаттар Сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

Қағидалардың 21-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

21. Осы Қағидаларда көрсетілген сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қорғауын беру туралы өтінішпен бірге сақтанушы сақтандырушыға клиенттің толтырылған сауалнамасын және сақтандырушы бекіткен тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынуға тиіс. Клиенттің сауалнамасын Сақтанушы сақтандырушымен Іскерлік қатынастар орнатылғанға дейін Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының талаптарын орындау мақсатында ұсынады.

22. Сақтандыру шартында мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 3) сақтандыру объектісін көрсету;
- 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 5) шартсыз франшиза мөлшері (бар болса);
- 6) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 7) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;
- 8) сақтандыру шартын жасау күні және қолданылу мерзімі;
- 9) сақтандыру өтемінің аумағы;
- 10) сақтандыру шартының нөмірі, сериясы;
- 11) сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
- 12) сақтанушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;
- 13) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
- 14) сақтандыру сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйлықақысы валютасының түрі;
- 15) сақтанушының сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті;
- 16) сақтандыру мүддесінің болуы.

23. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ Сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

24. Сақтандыру шарттары Тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасала алады.

25. Сақтанушы Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді, одан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша Сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

7-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

26. Сақтандыру шарты Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп - бөліп төлеген кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бірінші

Сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

27. Сақтандыру шарты осы Қағидалардың 16-тарауына сәйкес өзінің қолданылуын тоқтатады.

28. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

29. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

8-тарау. Сақтандыру сомасының мөлшерін айқындау тәртібі

30. Сақтандырушы Сақтандыру сомасының мөлшерін анықтау үшін Кредиттік лимит белгілеуге құқылы.

31. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартының барлық қолданылу кезеңінде берілген барлық ақшалай талаптардың сомасын білдіреді.

32. Жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

33. Сақтандыру төлемі әрбір нақты Сақтандыру жағдайы бойынша кредиттік лимиттің мөлшерінен аспауы тиіс. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде белгілі бір күнгі жағдай бойынша сақтандырылған барлық Экспорттық кредиттердің сомасы Кредиттік лимит мөлшерінен аспауы тиіс.

9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

34. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасына қолданылатын және Сақтандырушы айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшасыз түрде төленуі тиіс.

35. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандыру шартына қосымша келісімге қол қою жолымен Сақтандыру сомасы өзгерген кезде түзетілуі мүмкін.

36. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлемеген жағдайда сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады, бұл туралы сақтандырушы сақтанушыға хабарлайды.

Қағидалардың 37-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

37. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлегенге дейін сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзса, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқығы бар.

10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

38. Сақтанушының мынадай құқықтары бар:

1) Сақтандырушыдан Сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;

3) шығын мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы қызметтерін пайдалануға;

4) Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған Залал мөлшерін бағалау

нәтижелерімен және Сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;

5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;

6) Сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

39. Сақтанушы міндетті:

1) әрбір басқаға беру жүзеге асырылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде экспорттаушының тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету бойынша өз міндеттемелерін орындағанын және осы жеткізу, жұмыс немесе қызметтер бойынша сақтанушының пайдасына ақшалай талапты басқаға беруді растайтын құжаттардың көшірмелерін беруге;

2) сақтандырушымен факторинг шарты талаптарының өзгеруін келісуге;

3) сақтандыру тәуекелінің жай-күйі, Сақтандыру шарты жасалғанға дейін де, Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде де Сақтандыру жағдайының туындауына елеулі әсер етуі мүмкін оған белгілі мән-жайлар мен талаптар туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;

4) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.

5) Қағидалардың 5-тарауында және Сақтандыру шартында аталған барлық шарттарға мүлтіксіз кепілдік беру және оларды орындау;

6) факторинг шарты жасалғанға дейін барлық талап етілетін лицензиялар мен рұқсаттардың болуын қамтамасыз ету;

7) Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары Сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан кейін, егер Сақтандыру шартында өзге мерзім белгіленбесе, оның басталғаны туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауы;

8) сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан туындауы мүмкін залал сомасына франшиза мөлшерінде қатысу, сондай-ақ сақтандыру объектісінің сақтандыру қорғауымен жабылмаған бөлігін сақтандырмау және бермеу;

9) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсынуға;

10) Шетелдік контрагенттен тиесілі төлемді Келісімшартта белгіленген мерзімде алмаған жағдайда, тиісті төлем күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыны жазбаша хабардар етуге;

11) Залалды азайтуға шаралар қабылдауға;

12) Шетелдік контрагент Келісімшарт бойынша тиесілі төлемді мерзімінде төлемеген және Сақтанушыда Факторинг шарты бойынша одан әрі міндеттемелер болған кезде Сақтандырушымен жазбаша келіскенге дейін өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұруға;

11) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдебарлық кезең үшін Сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге;

12) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлағаннан кейін келісімшарт бойынша қандай да бір төлемді алған кезде 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті;

13) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталғаннан кейін Сақтандырушының келісімінсіз Шетелдік контрагентпен қандай да бір келісімдер жасауды жүзеге асырмауға;

14) Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты субъектіге (суброгация) талап қою құқығының Мақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

15) Сақтандырушының жазбаша алдын ала келісімінсіз Сақтандыру шартының болу фактісін үшінші тұлғаларға ашпауға;

16) осы Қағидалардың 8-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген оқиға орын алған кезде Шетелдік контрагентке оны одан әрі Сақтанушыға аудару үшін арнайы банк шотына келісімшарт бойынша жеке тиесілі төлемді орналастыруға нұсқау беруге міндетті.

Қағидалардың 39-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес 17) тармақшамен толықтырылды

17) растайтын құжаттарды ұсына отырып, өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде қарсы міндеттемелерді айқындау және қолдану жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген қарсы міндеттемелерді орындау.

40. Сақтандырушының мынадай құқықтары бар:

1) Сақтанушыдан Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін қажетті мәліметтерді ұсынуды талап ету;

2) шет мемлекеттің тиісті мемлекеттік органдарынан Сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) экспортталатын қазақстандық тауарлардың және/немесе қызметтердің құнын айқындау және/немесе Сақтандыру жағдайы басталған кезде Залал мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшының немесе бағалаушының қызметтерін пайдалануға;

4) Сақтанушыдан мерзімі өткен төлем туралы хабарлама алғаннан кейін Залалды азайту және борыштарды алу жөніндегі іс-шараларға қатысуға;

5) осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген негіздер бойынша Сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;

6) Сақтанушы көрінеу жалған ақпарат берген немесе алынған төлем туралы хабарламаған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға немесе оны қайтаруды талап етуге;

Қағидалардың 40-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес 6-1) тармақшамен толықтырылды

6-1) сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтаған кезде, егер сақтандыру жағдайы белгілі бір сақтандыру жарнасы төленгенге дейін орын алса, мерзімі өткен сақтандыру жарнасының сомасы есепке алынсын. Бұл ретте бірінші сақтандыру жарнасы толық көлемде және сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төленуге тиіс;

7) егер сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сақтанушыдан сақтандыру сыйлықақысы (мерзімі өткен сақтандыру жарнасы және (немесе) кезекті сақтандыру жарнасы, егер мұндай төлем мерзімдері басталған болса) төленбеген жағдайда, сақтандыру сыйлықақысы біржақты тәртіппен мерзімі өткен сәттен бастап сақтандыру шартын тоқтату;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

41. Сақтандырушы:

1) Сақтанушыны осы Қағидалармен таныстыруға және оның талап етуі бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

2) Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

4) Залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында келтірілген шығыстарды, егер мұндай шығыстар қажет болса және Сақтандырушының нұсқауларына сәйкес жүргізілсе, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, Сақтанушыға өтеуге міндетті.

5) Сақтанушы не оның өкілі Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушыны жетіспейтін құжаттар туралы

хабардар етпеген жағдайда, бұл ретте күту кезеңі жетіспейтін құжаттарды алған күнге дейін тоқтатыла тұрады;

42. Сақтандыру шартында тараптардың Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

11-тарау. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

43. Сақтанушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, жазбаша хабарлауға міндетті.

Қағидалардың 44-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

44. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына пропорционалды түрде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

45. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе Сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға Сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі Сақтандыру шартында белгіленеді.

46. Сақтанушы осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген талаптарды сақтамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оны бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге немесе Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес Сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтуға құқылы.

47. Егер Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

48. Кез келген жағдайда мынадай мән-жайлар маңызды деп танылады:

1) Шетелдік контрагенттің қаржылық жай-күйіндегі, төлемдер сипатындағы және Шетелдік контрагент басшылығының Кадрлық құрамындағы елеулі өзгерістердегі қолайсыз өзгерістер;

2) төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауының елеулі түрдегі нашарлауы;

3) осы Шетелдік контрагенттің несие қабілетінің нашарлауы себебінен басқа жеткізушілердің Шетелдік контрагенттің мекенжайына жөнелтуін тоқтату;

4) төлемдердің кешіктірілуіне және/немесе осы себеп бойынша қолданылатын іс-әрекеттерге байланысты Шетелдік контрагентке қатысты талап-арыздар қозғалуы.

12-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының іс-әрекеті

49. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген Залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

50. Егер Сақтандыру шартында өзгеше айтылмаса, сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін және/немесе сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін ұлғайтатын оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы

1) ықтимал Залалдарды болдырмау немесе азайту үшін барлық шараларды қабылдауы;

2) сақтандыру оқиғасының басталғанын растайтын құжаттарды алу үшін барлық шараларды қабылдауы;

3) ол сақтандыру оқиғасы туралы білген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен

кешіктірілмейтін мерзімде осы оқиға туралы сақтандырушыға хабарлауға, оған оқиғаның мән-жайлары, зиянның түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, сақтандырушымен одан әрі іс-қимылдарды келісуге;

4) сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы;

5) Сақтандырушыға Залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, шығынды азайту жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруі тиіс.

51. Сақтандырушы не оның өкілі Сақтанушының оқиға туралы хабарламасын күтпестен Сақтандыру оқиғасын тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушының оған бұған кедергі жасауға құқығы жоқ.

52. Сақтанушы Сақтандыру жағдайы бойынша одан әрі барлық ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге тиіс.

13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

53. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушының белгіленген нысан бойынша сақтандыру жағдайы туралы өтініші және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізеді.

54. *Қағидалардың 54-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес алынып тасталды*

55. *Қағидалардың 55-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «18» мамырдағы № 08 шешіміне сәйкес алынып тасталды*

56. Нәтижесінде Залал келтірілген Сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себебі Сақтанушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға ұсынатын мынадай құжаттармен расталуға тиіс:

1) жеке куәлік және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін:

• Сақтандырушының корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;

• Сақтандыру шарты;

• Факторинг шартының көшірмесі;

• Келісімшарттың көшірмесі;

2) Сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:

• сақтандыру оқиғасының басталу фактісін растайтын мемлекеттік органдардың құжаттары мен нормативтік құқықтық актілері, егер оларды қандай да бір жолмен алуға болатын болса, немесе сақтандыру оқиғасының басталу фактісін растайтын кез келген ресми және ресми емес көздерден (бұқаралық ақпарат құралдарын және интернетті қоса алғанда) алынған кез келген басқа ақпарат немесе куәліктер;

3) келтірілген Залал мөлшерін дәлелдеу үшін:

• Сақтанушы жүргізген Залал мөлшерінің есебі;

• келтірілген Залал мөлшерін растайтын өзге де құжаттар.

14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

57. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының немесе сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынғаннан кейін мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының немесе сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісі мен себептерін анықтайды; сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің шындыққа сәйкестігін тексереді; сарапшыларды, бағалаушыларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

2) осы Қағидаларда немесе Сақтандыру шартында белгіленген күту кезеңі ішінде Сақтанушымен бірлесіп немесе зияндарды барынша азайту бойынша, егер мұндай мүмкін болса, шараларды дербес қабылдайды;

3) сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

58. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Қағидаларда немесе Сақтандыру шартында айқындалған күту кезеңі өткеннен кейін, Сақтанушы ұсынған осы Қағидалардың 13-тарауында көрсетілген құжаттардың, сондай-ақ Сақтандырушы не оның өкілі жасаған сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүзеге асырады.

59. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Сақтанушы шеккен Залал мөлшеріндегі сақтандыру сомасы шегінде, сақтандыру оқиғаларының әрбір түрі үшін айқындалған сөзсіз франшиза шегеріле отырып жүзеге асырады. Сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемі = Залал -Шартсыз франшиза. Шартсыз франшизаны ұстап қалу тәртібі Сақтандыру шартымен айқындалады.

60. Залал мөлшері, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру оқиғасы туралы хабарлама берілген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел контрагенті елінің валютасына ресми бағамы бойынша ұлттық валютада айқындалады.

61. Егер Сақтанушы үшінші тұлғалардан келтірілген Залал бойынша өтем алған болса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін шеккен шығын мөлшері мен Шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтанушы алған өтемнің арасындағы айырма мөлшерінде жүзеге асырады.

62. Үшінші тұлғалардан келтірілген Залал бойынша төлем немесе өтем алған Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру төлемінің артық алынған сомасын қайтаруға міндетті.

63. Залалдың себептері мен мөлшері туралы тараптар арасында даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

64. Сақтанушының залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, Сақтандырушы өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде, алайда Сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген Сақтандыру сомасынан аспайтындай етіп өтеледі. Егер шығыстар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаса, олар Сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.

65. Сақтандырушы Сақтанушының ықтимал шығындарды азайту үшін қасақана ақылға қонымды және оған қол жетімді шаралар қабылдамауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

66. Егер сақтанушы осы Қағидалардың 14-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

67. Залал себептерін қисынды түрде анықтау мүмкін болмаған жағдайда бұл Залал коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғасының салдарынан туындаған ретінде қаралады.

15-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

68. Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайы немесе Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабарлама алған сәттен бастап Сақтандыру шартында көрсетілетін және күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын күту кезеңі белгіленеді.

69. Сақтандырушы Сақтанушыны Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабарламаны алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге тиіс.

70. Егер Сақтандырушы Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негіздейді.

71. Сақтандырушы шешім қабылдап, күту және осы Қағидалардың 13-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсыну кезеңі өткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

72. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

73. Сақтандырушының Сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы сотқа шағым жасай алады.

74. Егер Шетелдік контрагент елінің немесе Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары Сақтанушының қызметіне байланысты қылмыстық іс қозғаса, Сақтандырушының кідірту себептері туралы Сақтанушыны жазбаша хабардар ете отырып, тергеу немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар.

75. Сақтандырушының, егер Сақтандыру жағдайын немесе Залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына дәлелді күмән болған жағдайда, осындай құжаттардың түпнұсқалылығы расталғанға дейін Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқығы бар.

16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

76. Егер өзгесі Сақтандыру шартымен белгіленбесе, Сақтандыру шарты мына жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

1) Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;

2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда.

77. Тараптар Шарттың қалған қатысушылары келіскен жағдайда Шарт тараптарының жеке келісiмiн жасасу жолымен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

78. Сақтандыру шарты мынадай жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) Сақтандыру объектісі жоқ болғанда;

2) Сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылды және Сақтандыру тәуекелінің болуы Сақтандыру жағдайынан өзге жағдайлар бойынша тоқтатылғанда;

3) сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

4) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеуі;

5) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама Сақтандыру шартын тоқтату фактісінің құжаттамалық растамасы болып табылады, ал Сақтандырушының Сақтандыру қолданылған уақытқа барабар Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы болады.

79. Сақтанушы сақтандырушыға осы Қағидалардың 78-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы дереу хабарлауға міндетті.

80. Осы Қағидалардың 78-тармағына сәйкес сақтандыру шарты мерзімінен бұрын

тоқтатылған кезде, егер сақтандыру шартында өзгесі белгіленбесе, сақтандырушы сақтанушыға қайтаруға жататын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 20% - ын және шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін төлем ретінде бұзылған күннен бастап сақтандыру кезеңі аяқталған күнге дейін барабар сақтандыру кезеңіне ұстап қалуға құқылы.

81. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, егер бұл осы Қағидалардың 78-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, қайтарылуға жатпайды.

82. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген Сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

17-тарау. Суброгация

83. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға Сақтанушының Сақтандыру нәтижесінде өтелген Залалдар үшін жауапты тұлғаға төленген сома шегінде талап ету құқығы ауысады.

84. Сақтанушы Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді кідіріссіз беруге және оған өзіне ауысқан Сақтандырушының талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

85. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша залалдарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтем Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушыға тиесілі болады. Сақтанушы осы өтеулер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға беруге міндетті.

86. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты адамға талап қою құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты Сақтанушының кінәсінен жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

18-тарау. Қосымша шарттар

87. Тараптардың келісімі бойынша осы Ережеге сәйкес жасалатын сақтандыру шартында, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмесе, қосымша талаптар көзделуі мүмкін.

19-тарау. Дауларды шешу тәртібі

88. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында туындайтын дауларды олар келіссөздер жолымен қарайды.

89. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Келісу парағы

Жоба бойынша: «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Халықаралық факторингті сақтандыру қағидалары

Әзірлеуші: Сақтандыру және кепілдік департаменті

ІНҚ иесі: Сақтандыру және кепілдік департаменті

Лауазымның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы	Қол қойылған күні
Басқарма Төрағасының Орынбасары	Мукажанов Куаныш Амангельдиевич		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	Нурмухамбетов Серик Кайдарович		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Шабарбаева Лейла Галымжановна		
Комплаенс-қызметінің басшысы	Жакаева Асель Сейтжановна		
Андеррайтинг департаментінің директоры	Куанбаев Эльдар Болатканович		
Талдау және жобалық басқару департаментінің директоры	Камбаров Тасболат Мырзабекович		

Сақтандыру және кепілдік департаментінің директоры _____ Нуранов Д.А.